

Орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелерінің қаражатын құрау және пайдалану ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 қыркүйектегі N 1003 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 тамыздағы № 816 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.08.13 N 816 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 112-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелерінің қаражатын құрау және пайдалану ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 3 0 қ ы р к ү й е к т е г і

N 1 0 0 3 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелерінің қаражатын құрау және пайдалану ережесі

1. Осы Ереже орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелерінің (бұдан әрі - орман мекемелері) қаражатын құрау және пайдалану тәртібін реттейді.

2. О р м а н м е к е м е л е р і :

1) ж е к е ж ә н е з а ң д ы т ұ л ғ а л а р ғ а :

отырғызылатын материалдар өсіру мен орман тұқымдарын жинау; көгалдандыратын, қорғаныштық, плантациялық және өзге де екпелер жасау; орман шаруашылығы саласында оқу практикасын өткізу, консультациялық және техникалық көмек көрсету жөнінде ақылы қызметтер көрсетуден, оның ішінде мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысу жолымен;

2) ормандарды күтіп-баптау мақсатында ағаш кесуді және санитарлық

мақсатта, оның ішінде тұрғын халықты отынмен қамтамасыз ету үшін ағаш кесуді, жанама орман пайдалануды жүзеге асыру кезінде алынған өнімдерді өткізуден қаражат түсіре алады.

3. Орман мекемелері жеке және заңды тұлғаларға көрсететін қызметтер үшін төлемақы қарауында орман мекемелері бар атқарушы органдар Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен белгілеген тарифтерге сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604 Қаулысымен.

4. Күтіп-баптау мақсатында ағаш кесуді және санитарлық мақсатта, оның ішінде халықты отынмен қамтамасыз ету үшін ағаш кесуді, жанама орман пайдалануды жүзеге асыру кезінде алынған өнімдерді өткізу нарықтық бағамен жүргізіледі.

5. Орман мекемелерінің қаражаты мыналарға:

1) мемлекеттік орман қорының учаскелерінде орман шаруашылығының іс-шараларын жүргізуге;

2) орман шаруашылығы жолдарының құрылысына және оларды ұстауға, ормандарды өртке қарсы жайластыруға;

3) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы жобалау-іздістіру жұмыстарына;

4) орман мекемелерінің орман шаруашылығы қызметін қамтамасыз ету үшін штаттан тыс маусымды жұмысшылардың, күтіп-баптау мақсатында ағаш кесуді және санитарлық мақсатта ағаш кесуді, жанама орман пайдалануды жүзеге асыратын жұмысшылардың, сондай-ақ орман ресурстарын қайта өңдеуді жүзеге асыратын жұмысшылардың қызметтер көрсетуіне ақы төлеуге;

5) байланыс құралдарын, көлікті және жабдықтарды, өртке қарсы, ормандарды қорғауға және орман өсіруге арналған тетіктер мен материалдарды, орман өсіру жұмыстарына арналған тұқымдар мен отырғызылатын материалды, жанар-жағармайды, киім-кешекті, қаруды және арнайы қорғау құралдарын сатып алуға;

6) орман ресурстарын қайта өңдеуге қажетті жабдықтар мен тетіктерді сатып алуға;

7) ғимараттарды, құрылыстарды және орман мекемелерінің жұмыс істеуіне байланысты өзге де объектілерді салуға, қайта жаңартуға және жөндеуге;

8) орман және аңшылық шаруашылығы үшін мамандарды даярлауға және біліктілігін арттыруға;

9) еңбек көрсеткіштері үшін орман мекемелерінің қызметкерлерін көтермелеуге пайдаланылады.

6. Орман мекемелерінің қаражатын алу мен пайдалану жөніндегі есептілікті жүргізу заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

7. Орман мекемелерінің қаражатын ормандарды күзетуге, қорғауға, молықтыруға және орман өсіруге, жанама орман пайдалануға байланысты емес мақсаттарға пайдалануға тыйым салынады.

8. Орман мекемелері қаражатының құралуы мен пайдаланылуын, алынатын кірістерді есептеудің толықтығы мен дұрыстығын, сондай-ақ олардың мақсатты пайдаланылуын бақылауды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қарауында орман мекемелері бар атқарушы органдармен бірлесіп белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.